

# *ҰЛПАН РОМАНЫ*

## 13-16 ТАРАУЛАР

- Ұлпан романы
- Кейіпкерлер
- Көтерілген мәселесі
- Мазмұны
- Композициялық құрылымы
- Тілдік ерекшеліктер
- Сұрақтар

Бектурганова Амина, Муратбекова Дамира, Келсингазин Алихан, Мұстафин Азамат

# Ұлпан

— Ғабит Мүсіреповтің 1974 жылы тарихи ел шежіресінің мазмұны негізінде жазған романдарының бірі. Бұл роман үш бөлімнен және жиырма төрт тараудан тұрады. Ұлпан романында тоқсанға жуық образдар бар.

Ұлпан – өз бақытынан ел мүддесін көксеген, ақыл мен парасатты бойына ұялатқан қазақ әйелінің жиынтық образы. Қиялдан ғана тумаған, өмірде нақты прототипі бар бейне ретінде суреттеледі.



# • Кейіпкерлер

**Ұлпан** — аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлы қоғам қайраткері. Кең пейілді, адамгершілігі мол Сибан елінің кедей-кепшігіне қол ұшын беретін әйел. Еснейдің әйелі.

**Есней** — Шыңғыс сұлтанның беделді биі. Дәулетті, қатал билердің бірі болған. Ол — ауыр сүйекті, балуан денелі адам. Ұлпанның күйеуі.

**«Түрікпен» Мүсіреп** — Еснейдің ең сенімді серігі.

**Аңшы Мүсіреп** — Еснейдің достарының бірі.

**Шынар** — түрікпен Мүсірептің сүйген жары, өмірлік серігі.

**Артықбай** мен **Несібелі** — Ұлпанның ата—анасы.

**Тілеміс** — тілмаш және Торсанның әкесі.

**Байдалы би, Тоқай би, Күзембай болыс, кәрі би Өтеміс** — ауылдың би-болыстары.

**Еламан** — Есней бидің інісі.

**Айтолқын** — Еламанның әйелі.

**Бақай атты қарт**

**Еменалы**

**Әсіреп**

**Дәмелі**

**Жаниша**

**Отарбай**

**Кенжетай**

**Сағындық пен Қайқы** - қалмақтар

- **Көтерілген мәселе**

Ұлпан бұл тарауларда Еснеймен бір ортақ шанырақ құрғысы келді. Еснейдің ауылында біраз уақыт тұрып, Ұлпан нағыз келін болып, сол кездегі «әйел бақытын» табуды армандады. Оның аналық дерті күшейіп, кейде өртеп жіберердей күйдіріп-жандырып жіберді. Басқаларға қызығып, сол арманынын орындалуын қалады.

# • Мазмұны

Есеней мен Ұлпан Есенейдің ауылына баруы, ел ісіне араласып, Ұлпан әйелдермен кезіккенде Есеней атынан үй басына мал беруі, содан кейін Есеней мен Ұлпан қыстауға орын таңдады. Есеней мен Ұлпанның қонаққа барады. Офицер Қазі Уәлиханов олардың үйіне жұмыс үшін қонады. Ең маңызды оқиғалардың бірі бұл Шынардың перзентінің дүниеге келіп, шілдехана тойын ұйымдастыруы.

# • Композициялық құрылым

- **Оқиға басталуы:** Ұлпанның Есенейге үй салу туралы ұсынысы, Шынардың қоныс тойы
- **Байланысуы:** Ұлпанның Сибан ауылына істеген істері
- **Дамуы:** Есеней мен Ұлпанның салып жатқан шаңырағының өртеніп кетуі
- **Шиеленісуі:** Қазі Уәлихановтың қонуы
- **Шарықтау шегі:** Шынардың босануы
- **Шешімі:** Шілдехана тойы

# •Тілдік ерекшеліктер

- *Теңеулер: баладай, сірідей*
- *Метафора: қас-қабат бұзылып кетті, Ағаштың жылқы мойны жетер жеріне дейін*
- *Кейіптеу: жазғытұрғы кең бейіл дүние шыққа малынып, маужырап тұр*
- *Сөйлемнің бірінгай мүшелері: Батырлық та, ерлік те, сұлулық та, ақылдылық та*
- *Қос сөздер: балалы-шағалы, құм-қайран, ел-жұрт, қас-қабат*

# • Сұрақтар

- *Ұланды не себепті «Ақнар» деп атап кетті?*
- *Ұлан мен Еснейдің салынып жатқан үйіне не болады?*
- *«Бөдірештік деген орыс» деп кімді атайды?*
- *Ұлан әйелдердің жол-жорасын өз қолынан үйлестірген болатын.*

*Ол қандай заттар?*





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!